

«АҚТӨБЕ ҚАЛАСЫНЫҢ БІЛІМ БӨЛІМІ» ММ  
«BILIM QAZYNA» КММ  
№17 «Шұғыла» бөбекжай-балабақшасы

«Ақтөбе қаласы білім бөлімі» ММ  
2025 жылғы «17» - 08  
№ 394 бұйрығымен  
БЕКІТІДІ



«Шебер қолдар»  
бағдарламасы  
(ересек, мектепалды топ балаларына арналған)

Ақтөбе қаласы  
2025 жыл

«Шебер қолдар» бағдарламасы А. Алимбекова мен А. Қожағұловтың зерттеуі «Art practices in preschool pedagogy: world trends and Kazakhstan realities» атты еңбектеріне сүйене отырып, ересек және мектептегі топ тәрбиеленушілеріне «Шебер қолдар» ақылы қызмет бағдарламасы жасалды.

Құрастырған: №17 «Шұғыла» бөбекжай -балабақшасының тәрбиешісі Сақауова Әсия Ермағанбетқызы

№17 «Шұғыла» бөбекжай-балабақшасының педагогикалық кеңесінде «Шебер қолдар» ақылы қызмет бағдарламасы талқыланды.

Хаттама № 1

« 25 » тамыз 2025жыл

№ 17 « Шұғыла» бөбекжай-  
балабақшасының меңгерушісі



Д.Н.Жетилгенова

Қалалық сараптау комиссиясының отырысында «Шебер қолдар» ақылы қызмет бағдарламасы мақұлданды.

Хаттама № 1

27 08 2025жыл

Сараптау комиссиясы төрағасы



М.Косымбаева

№17 «Шұғыла» бөбекжай-балабақшасының тәрбиешісі  
Сақауова Асия Ермамағанбетқызының  
«Шебер қолдар» атты ақылы қызмет бағдарламасына

**ПІКІР**

Ұсынылған ақылы қызмет бағдарламасы бағдарламасы – мектепке дейінгі жастағы балалардың шығармашылық қызығушылығын ұлттық құндылыққа негізделген ойындар арқылы дамытуға бағытталған еңбек болып табылады.

Бұл бағдарлама мектеп жасына дейінгі балалардың сөйлеу тілін шығармашылық арқылы қол моторикасын, шығармашылық қабілеті мен сөйлеу процесін дамытуға арналған бағдарлама. Түрлі-түсті ұағаз картонмен, фетр, маталармен жұмыс істеу балаларға өте қызықты. Дәстүрден тыс әдіс-тәсілдерді қолдану баланың шығармашылық қабілетін, көркемдік талғамын қалыптастыруда маңызы өте зор. Көркемдік іс-әрекеттің осы әдіс түрімен айналысуы, баланың зейінін өзіне аударып, қиялын шарықтатып, көру арқылы есте сақтауын, қабылдауын, заттың пішінін, көлемін, түсті сезуін, ажырата білуін тез дамытады.

Бағдарлама мазмұны — мектепке дейінгі білім беру саласына қосылған маңызды үлес, балалардың табиғи қызығушылығын сақтау мен дамытуға бағытталған заманауи, ұлттық нақыштағы мазмұндық бояуы кең дамытушы бағдарлама. Ол педагогикалық практикада кеңінен қолдануға лайық. Бағдарламаның ғылыми-практикалық негізі мықты, құрылымы жүйелі, тілі түсінікті және қазіргі заман талаптарына сай келеді. Бұл материал балабақша педагогтары үшін әдістемелік құрал ретінде жоғары деңгейде жазылған. Ол балалардың танымдық қызығушылығын жансыз табиғат нысандары арқылы тиімді дамытуға мүмкіндік береді. Бағдарлама педагогикалық практикада нақты қолданысқа еніп, тиімді нәтижелер беруі әбден мүмкін. Бұл бағдарлама балалардың тілін дамыту құралы ретінде қолға алынып отыр. Өйткені балалардың ұсақ қол моторикасымен бірге тілі дамиды, қиялы, шығармашылық қабілеттері, қалыптасады.

Бағдарламаның тәжірибелік бөлімі өте кең әрі жан-жақты, дегенмен практикалық тапсырмалар мен нақты тәжірибелер тізімі картотека немесе қосымша ретінде жүйеленсе, қолдану ыңғайлы болар еді.

Бұл бағдарламаның тақырып ұстанымы осы бағдарламаның негізі болып табылады. Әрбір тақырып бір жыл ішінде жетекші түрде қарастырылады. Ересек, мектепалды топтарына арналған аптасына екі рет, 72 сағат. Аталмыш бағдарлама өте қызықты, бала бойындағы шығармашылық қабілеттерінің ұлттық құндылықтарға негізделген ойындар арқылы дамуына өз үлесін қосады.

Пікір беруші:

Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе

өңірлік университеті,

Жалпы педагогика және білім берудегі

менеджмент кафедрасының

доценті, п.ғ.к.,



М.Б. Утепов

## ТҮСІНІК ХАТ

«Шебер қолдар» бағдарламасы 72 сағатқа есептелген, аптасына екі рет өткізіледі. Әрбір ҮІ-Ә 2 сағаттан тұрады. Ойын түрінде, қызықты әрі қолжетімді форматта жүргізіледі. Қазақи нақыштағы бұйымдар жасау арқылы балалар өздерінің ұлттық тамырларын сезініп, шығармашылыққа қызығады. Қазіргі таңда мектепке дейінгі жастағы балалардың жан-жақты дамуына жағдай жасау – тәрбиешілер мен педагогтардың басты міндеттерінің бірі. Баланың қиялы мен шығармашылық қабілеті ерте жастан бастап қалыптасады, сондықтан өнер мен қолөнер сабақтары ерекше рөл атқарады. Бағдарлама жеке және топтық шығармашылық жұмыстарды, көрмелер ұйымдастыруды және мерекелік бұйымдар жасауды қамтиды.

**Мақсаты:** Мектепке дейінгі жастағы балалардың ұсақ моторикасын, шығармашылық қиялын, эстетикалық талғамын және еңбек дағдыларын дамыту.

**Өзектілігі:** «Шебер қолдар» бағдарламасы балалардың өз ойын бейнелеу арқылы жеткізуіне, түрлі материалдарды ұқыпты әрі тиімді пайдалануға, еңбекқорлыққа және табандылыққа тәрбиелейді.

Қазіргі заманда техника, цифрландыру дәуірінде баланың қол шеберлігі, шығармашылық қабілеті маңызды әрі өзекті болып отыр. Ұлттық қолөнерді үйрету — балаға өз мәдениетін тануға, ұлттық құндылықтармен танысуға мүмкіндік береді.

«Шебер қолдар» бағдарламасы балаларға қазақи нақыштағы қолданбалы өнерді үйретіп қана қоймай, олардың есте сақтау, қиялдау, зерттеу қабілеттерін де дамытады.

**Міндеті:** Әртүрлі материалдармен (мақта, фетр, қағаз, мата, табиғи материалдар, саз, пластилин) жұмыс істеуге үйрету.

Құралдармен (қайшы, желім, қылқалам) қауіпсіз жұмыс жасау дағдыларын қалыптастыру.

Қарапайым қолөнер тәсілдерін меңгерту.

Ұқыптылыққа, шыдамдылыққа, еңбексүйгіштікке тәрбиелеу.

**Бағдарлама бойынша оқушылар нені меңгеру керек:** Балалар әртүрлі материалдармен еркін жұмыс істей алады.

Шығармашылық қызығушылығы артады.

**Күтілетін нәтиже:** Ұсақ моторикасы мен қиялы дамиды. "Бұл бағдарлама мектепке дейінгі ұйым балаларының шығармашылық қабілетін, ұсақ моторикасын, қиялын және еңбек дағдыларын дамытуға бағытталған. «Шебер қолдар» үйірмесінде балалар әртүрлі материалдармен (қағаз, мата, табиғи материалдар, пластилин, саз) жұмыс істеуді үйренеді, құралдарды қауіпсіз пайдалану ережелерін меңгереді және эстетикалық талғамын қалыптастырады.

**ТАҚЫРЫПТЫҚ ЖОСПАР**  
**4-5 жас ( ересек, мектепалды топтар үшін)**  
**(Барлығы 72 сағат, аптасына 2 рет)**

№	Тақырыбы	Сағат саны
1	"Күзгі жапырақтар" түрлі-түсті қағаздан жапырақ жапсыру.	2
2	"Гүл өсіреміз" — қағаз немесе пластилиннен гүл жасау.	2
3	"Күн мен жаңбыр" — ватамен бұлт, сары қағаздан күн.	2
4	"Қысқы орман" — шырша, қар, мақтадан аппликация.	2
5	"Қоянның құлағы ұзын" — аппликация.	2
6	"Мынау қандай жануар?"— пластилиннен мүсіндеу.	2
7	"Балапанды оятамыз"жұмыртқадан шыққан балапан суреті	2
8	"Жолда жүру ережесі" — бағдаршам, көлік түрлері.	2
9	"Пойыз келді" — вагондарды бір-біріне жапсыру.	2
10	"Зымыран ұшырдық!" қағаз немесе пластилиннен зымыран.	2
11	"Анашым, мен сені жақсы көрем, анаға арналған ашық хат.	2
12	"Наурыз мерекесі" — киіз үй, ұлттық өрнектер.	2
13	"Тудың түсі көк" — Қазақстан туын бейнелеу.	2
14	"Жана жыл шыршасы" — шырша мен ойыншықтар.	2
15	"Қуыршаққа көйлек" — киып, сәндеу.	2
16	"Менің отбасым" — отбасы мүшелерін аппликациялау.	2
17	"Мен кім болғым келеді?"мамандық бейнелері	2
18	"Сикырлы кемпірқосақ"	2
19	"Ай мен жұлдыз"	2
20	«Ертегі кейіпкері" — маска немесе бейне жасау.	2
21	"Киіз үй – ата-бабамыздың	2
22	Киіз үйдің құрылымын аппликациялау: шаңырақ, уық, кереге.	2
23	"Шанырақ – бірліктің белгісі"	2
24	Дөңгелек шаңырақ суретін жіппен немесе қағазбен жасау	2
25	"Қазақтың қазанаты"	2
26	Ат мүсіні немесе ұлттық ер-тұрманмен безендіру.	2
27	"Ұлттық киімдер"	2
28	Қыздар үшін камзол, ұлдар үшін шапан үлгісін безендіру	2
29	Қарапайым оюларды киып, жапсырып үйрену (қошқар мүйіз ).	2
30	"Ою-өрнек әлемі"	2
31	"Дастархан мәзірі"	2
32	Ұлттық тағамдардың суретін (казы, айран) бейнелеу.	2
33	Домбыра аппликациясы немесе пластилиннен жасау	2
34	Түйе бейнесін мүсіндеу немесе жапсыру	2
35	Білезік, сақина, сырға – өрнектермен безендіру	2
36	Торсық бейнесін жасау,ұлттық сусындар туралы түсіндіру.	2
<b>Барлығы: 72 сағат</b>		

## БАҒДАРЛАМА МАЗМҰНЫ

1. **Күзгі жапырақтар** — түрлі-түсті қағаздан жапырақ жапсыру. Күз мезгілінің ерекшеліктерімен таныстыру. Түрлі түстерді тануға үйрету. Қию-жапсыру арқылы ұсақ моториканы дамыту. Қажетті материалдар: Түрлі-түсті қағаз, желім, қайшы, дайын жапырақ шаблондары (немесе өздері сызып қиып жасайды). Өткізу әдісі: Балалармен күз туралы әңгіме жүргізіледі (жапырақтардың түсуі, түстердің өзгеруі). Тәрбиеші жапырақтардың түрін көрсетіп, үлгі жасап береді. Балалар өздері қағаздан жапырақтарды қиып, ақ параққа жапсырады.

2. **"Гүл өсіреміз"** — қағаз немесе пластилиннен гүл жасау. Мақсаты: Гүлдің құрылымымен таныстыру (сабағы, жапырағы, гүлі). Пластилинмен немесе қағазбен жұмыс жасау дағдысын қалыптастыру. Эстетикалық талғамын дамыту. Материалдар: Пластилин немесе түрлі-түсті қағаз, фломастер, ақ парақ, желім. Өткізу жолы: Гүлдер туралы шағын әңгіме (атауы, түсі, иісі). Мұғалім үлгі жасап көрсетеді. Балалар пластилиннен бөліктер жасап біріктіреді немесе қағаздан қиып жапсырады.

3. **"Күн мен жаңбыр"** — ватамен бұлт, сары қағаздан күн. Мақсаты: Ауа райы құбылыстарын түсіндіру. Материалдарды әртүрлі тәсілмен қолдануды үйрету. Сурет арқылы оқиғаларды сипаттауға баулу. Материалдар: Сары қағаз, мақта, көк қағаз, желім, қайшы, ақ парақ. Өткізу барысы: Балаларға ауа райы туралы сұрақ қойылады (күн, жаңбыр, бұлт деген не?) Күн – сары қағаздан қиылады, бұлт – мақтадан жасалады, жаңбыр – көк жіптерден немесе қағаздан. Балалар өз қолымен композиция құрастырады.

4. **"Қысқы орман"** — шырша, қар, мақтадан аппликация. Мақсаты: Қыс мезгілінің белгілерін таныту. Қар, шырша ұғымдарын енгізу. Аппликация жасау арқылы қол моторикасын дамыту. Материалдар: Жасыл қағаз, мақта, ақ қағаз, желім, қайшы. Өткізу барысы: Мұғалім қыс мезгілі туралы әңгімелейді: қар, аяз, шырша т.б. Балаларға шырша бейнесін жасау ұсынылады. Мақта арқылы қар жасалады, фонына жапсырылады.

5. **"Қоянның құлағы ұзын"** — аппликация. Мақсаты: Жабайы жануарлармен таныстыру. Құлақ, көз, мұрын бөлшектерін ажырата білу. Аппликация дағдыларын қалыптастыру. Материалдар: Сұр және ақ қағаз, желім, қайшы, фломастер. Өткізу барысы: Қоян туралы әңгіме (немен қоректенеді, қайда өмір сүреді). Құлақ, бас, дене бөліктерін қиып, бір-біріне жапсыру.

6. **"Мынау қандай жануар?"** — пластилиннен мүсіндеу. Мақсаты: Үй жануарлары мен жабайы жануарларды ажыратуға үйрету. Пішіндер жасау арқылы қол икемін дамыту. Сөйлеу тілін дамыту (сипаттау). Материалдар: Пластилин, тақтайша, қалың қағаз (фонға қою үшін). Өткізу барысы: Мұғалім бірнеше жануарларды көрсетіп, балалардан тануын сұрайды. Балалар өз таңдаған жануарын пластилиннен мүсіндейді.

7. **"Балапанды оятамыз"** — жұмыртқадан шыққан балапан суреті. Мақсаты: Құстардың өмірімен таныстыру «Бастау – өсу – даму» ұғымын түсіндіру. Қиял мен шығармашылық ойлауды дамыту. Материалдар: Сары қағаз, ақ қағаз (жұмыртқа), фломастер, желім. Өткізу барысы: Балапанның жұмыртқадан шығуы туралы шағын әңгіме. Балалар ақ қағаздан жарылған жұмыртқа қиып, ішінен балапан бейнесін жасайды.

8. "Жолда жүру ережесі" — бағдаршам, көлік түрлері. Мақсаты: Жолда жүру ережелерімен таныстыру Бағдаршамның түстерін ажырату. Қоғамдық ортада қауіпсіздікке тәрбиелеу. Материалдар: Қызыл, сары, жасыл қағаз, көлік бейнелері, фломастер

9. "Пойыз келді" — вагондарды бір-біріне жапсыру. Мақсаты: Көлік түрлерімен таныстыру. Кезекпен орналастыру дағдысын қалыптастыру. Логикалық ойлауды дамыту. Материалдар:

Түрлі-түсті қағаз, желім, қайшы, ақ қағаз. Өткізу барысы: Мұғалім пойыздың не үшін қажет екенін түсіндіреді. Балалар вагондарды әртүрлі түспен жасап, бірізділікпен жапсырады. Вагондарға терезе, доңғалақ, жүк салуға болады

10. "Зымыран ұшырдық!" — қағаз немесе пластилиннен зымыран. Мақсаты: Ғарыш ұғымымен таныстыру. Зымыранның пішінін тану, жасау. Қиял мен шығармашылық қабілетін арттыру. Материалдар: Пластилин немесе қағаз, қайшы, желім, фломастер. Өткізу барысы: Мұғалім ғарышкерлер туралы әңгімелейді. Балалар зымыранды үшбұрыш, төртбұрыш пішіндерінен құрастырады

11. "Анашым, мен сені жақсы көрем" — анаға арналған ашықхат. Мақсаты: Аналарға деген сүйіспеншілікті қалыптастыру. Жылы сөздерді айтуға үйрету. Шығармашылық қабілетті дамыту. Материалдар: Қағаз, түрлі стикерлер, гүлдер, фломастер, желім. Өткізу барысы: Ашықхат жасау үлгісі көрсетіледі. Балалар өздері безендіріп, анасына арнап тілектерін жазады (немесе айтады)

12. "Наурыз мерекесі" — киіз үй, ұлттық өрнектер. Мақсаты: Ұлттық мерекемен таныстыру. Қазақ халқының салт-дәстүріне қызығушылық ояту. Апликация арқылы өрнекпен безендіру. Материалдар: Киіз үй үлгісі, ою-өрнек бөліктері, түрлі-түсті қағаз. Өткізу барысы: Мұғалім Наурыз туралы айтады. Балалар киіз үй жасап, ою-өрнекпен сәндейді

13. "Тудың түсі көк" — Қазақстан туын бейнелеу. Мақсаты: Қазақстан Республикасының рәміздерін тану. Туды құрметтеуге тәрбиелеу. Түсті дәл көру дағдысын дамыту. Материалдар: Көк қағаз, сары қағаз (күн, бүркіт), желім, қайшы. Өткізу барысы: Мұғалім Ту, Елтаңба, Әнұран туралы айтып өтеді. Балалар көк фонға күн мен бүркіт жапсырады

14. "Жаңа жыл шыршасы" — шырша мен ойыншықтар. Мақсаты: Қысқы мерекемен таныстыру. Шыршаны безендіру дағдысын дамыту. Ұжымдық жұмысқа тарту. Материалдар: Жасыл қағаз (шырша), түрлі-түсті қағаз (ойыншықтар), жылтырлар, мақта. Өткізу барысы: Балаларға шырша қалай безендірілетіні көрсетіледі. Әр бала өз ойыншығын жасап шыршаға жапсырады

15. "Қуыршаққа көйлек" — қиып, сәндеу. Мақсаты: Киім элементтерімен таныстыру. Түстер мен өрнектерді үйлестіруге үйрету. Шығармашылық ойлауын дамыту. Материалдар: Қуыршақ үлгісі, түрлі қағаз, желім, қайшы, фломастер. Өткізу барысы: Қуыршақ бейнесі дайындалады. Балалар өз қалауы бойынша көйлек қиып, безендіреді.

16. "Менің отбасым" — отбасы мүшелерін апликациялау. Мақсаты: Отбасы мүшелерін атауға үйрету. Сурет арқылы отбасыға деген сүйіспеншілікті білдіру. Апликациялық шеберлігін дамыту. Материалдар: Қағаз, фломастер, желім, қайшы. Өткізу барысы: Балалар отбасындағы адам санын айтып береді. Өз отбасын бейнелеп, қағаз бетіне жапсырады (ата-ана, аға-апа т.б.)

17. "Мен кім болғым келеді?"- мамандықтарға байланысты бейнелер.Мақсаты: Түрлі мамандықтармен таныстыру.Баланың арманы мен қызығушылығын анықтау.Кесіп-жапсыру дағдыларын дамыту.Материалдар:Мамандықтарға қатысты суреттер (дәрігер, өрт сөндіруші, мұғалім т.б.), қағаз, желім, қайшы.Өткізу барысы: Мұғалім әртүрлі мамандықты таныстырады. Балалар өз армандаған мамандығын таңдап, оның бейнесін жасайды.

18. "Сиқырлы кемпіркосақ" Мақсаты:Түстерді дұрыс атауға және ажыратуға үйрету.Қиып жапсыру арқылы түстер ретін бекіту.Шығармашылық ойлауын дамыту.Материалдар:7 түрлі түсті қағаз, желім, қайшы, бұлт бейнесі.Өткізу барысы:Мұғалім кемпіркосақтың түстерін айтып, ретімен көрсетеді.Балалар түстерді дұрыс реттілікпен қиып жапсырады

19. "Ай мен жұлдыз" Мақсаты: Аспан денелерімен таныстыру.Геометриялық пішіндерді қолдана білу.Қиялды дамыту.Материалдар:Сары қағаз (ай мен жұлдыз), көк фон, желім, қайшы.Өткізу барысы:Түнгі аспан туралы әңгіме.Ай мен жұлдыз пішіндерін қиып, көк фонға орналастыру

20. "Ертегі кейіпкері" — маска немесе бейне жасау.Мақсаты: Ертегілермен таныстыру. Кейіпкер таңдау, сипаттау қабілетін дамыту.Маска жасау арқылы көркемдік дағды қалыптастыру.Материалдар:Картон, резеңке жіп, бояу, қайшы, желім.Өткізу барысы:Балалар өз сүйікті ертегі кейіпкерін атайды. Сол кейіпкердің маскасын жасап, оны бейнелейді

21. "Киіз үй – ата-бабамыздың мұрасы"; Мақсаты: Киіз үй құрылымымен таныстыру. Қазақ халқының көшпелі мәдениетін түсіндіру. Апликация жасау дағдысын дамыту.Материалдар:Қағаз, ою-өрнек, мата қиындылары.Өткізу барысы: Киіз үй туралы әңгіме (шаңырақ, уық, кереге) Киіз үй пішінін қиып, бөліктерін жапсыру

22.Шаңырақ, уық, кереге – Киіз үйдің құрылымын жинақтап үйрену.

23.Шаңырақ бірліктің белгісі" Мақсаты:Шаңырақтың мағынасын түсіндіру.. Дөңгелек форма жасау дағдысын қалыптастыру.Қазақы дүниетанымды сіңіру. Материалдар:Дөңгелек қағаз, жіп, желім. Өткізу барысы:

24. Шаңырақ суреттерін көрсету. Жіппен немесе қағазбен шаңырақ бейнесін жасау.

25. "Қазақтың қазанаты" — ат мүсінін жасау. Мақсаты:Қазақ халқының жылқыға деген қарым-қатынасын таныту.Мүсіндеу қабілетін дамыту. Еңбекке баулу.Материалдар:Пластилин немесе қағаз, бояу.Өткізу барысы: Ат туралы мақал-мәтел айту.Ат дене бөліктерін мүсіндеу/жасау

26. Ат мүсіні немесе ұлттық ер-тұрманмен безендіру. Мақсаты:Балаларды жылқы малымен, оның қазақ мәдениетіндегі орнымен таныстыру.Атқа арналған ұлттық ер-тұрман, әбзелдер (жүген, ер-тоқым, өмілдірік) туралы түсінік беру.Мүсіндеу немесе апликацияарқылы шығармашылық және моторикалық қабілетін дамыту.Қазақтың дәстүрлі өмір салтына деген қызығушылығын ояту.Қажетті материалдар: Пластилин (қоңыр, қара, ақ, сары, қызыл т.б.)немесе:Аттың силуэтi (қағаздан қиып жасау үшін)Түрлі-түсті қағаз (ер-тұрман мен әшекейлер үшін)Жіп немесе мата қиындылары (безендіруге)Қайшы, желім, фломастер, дайын шаблондар

27. "Ұлттық киімдер" — камзол мен шапан үлгісі. Мақсаты: Қазақ халқының ұлттық киімдерімен таныстыру. Киімді ою-өрнекпен сәндеу. Эстетикалық тәрбиелеу. Материалдар: Қағаз, мата киындылары, желім. Өткізу барысы: Камзол мен шапан суреттерін көрсету. Балалар өз киімін сәндеп, бояп немесе ою жапсырады

28. "Түйе – шөл кемесі". Мақсаты: Түйенің ерекшелігін таныту. Жануарлар туралы білімін кеңейту. Мүсіндеу арқылы қол моторикасын дамыту. Материалдар: Пластилин, тақтайша. Өткізу барысы: Түйе туралы шағын ертегі/сурет көрсету. Балалар пластилиннен түйе мүсіндейді

29. "Зергерлік бұйымдар" — білезік, сырға, сақина. Мақсаты: Қазақтың ұлттық әшекейлерімен таныстыру. Ұсақ моторика мен көру қабілетін дамыту. Сәндік қолданбалы өнерге қызығушылықты арттыру. Материалдар: Фольга, қағаз, желім, жылтыр материалдар. Өткізу барысы: Зергерлік бұйымдардың суретін көрсету. Балалар өздері безендіріп, сәндік бұйым жасайды

30. "Ою-өрнек әлемі». Мақсаты: Қазақтың ұлттық оюларын таныстыру. Киып-жапсыру арқылы ою құрастыру. Эстетикалық талғамды дамыту. Материалдар: Қара/қызыл/көк қағаз, ақ фон, желім. Өткізу барысы: Қошқар мүйіз, ирек т.б. ою үлгілерін көрсету. Балалар оюларды киып, фонға жапсырады.

31. "Дастархан мәзірі" - ұлттық тағамдарды бейнелеу. Мақсаты: Балаларды қазақтың ұлттық тағамдарымен таныстыру. Тағам атауларын дұрыс айтуға үйрету. Қиял мен бейнелеу дағдыларын дамыту. Материалдар: Қағаз, түрлі-түсті қағаз, фломастер, бояу. Тағам бейнелерінің дайын шаблондары (бауырсақ, қазы, айран) Желім, қайшы. Өткізу барысы: Мұғалім суретпен немесе шынайы тағам үлгілерімен таныстырады (мыс: бауырсақ неге ұқсайды? Дөңгелек, сарғыш, тәтті) Әр баладан қандай ұлттық тағам біледі деп сұрау. Балалар қағаз немесе бояу арқылы ұлттық тағамдарды бейнелейді (мысалы: бауырсақ – дөңгелек сары қағаз; айран – кесе ішінде т.б.) Соңында "Ұлттық дастарханымыз" атты ұжымдық көрме жасалады. "Торсық пен ұлттық сусындар". Мақсаты: Қымыз, шұбат, айран туралы айту. Қазақ тұрмысына тән ыдыспен таныстыру. Апликация немесе сурет салу дағдысын дамыту. Материалдар: Қағаз, бояу, желім, шаблон. Өткізу барысы: Торсықтың суретін көрсету, не үшін қолданылатынын айту. Балалар торсық пішінін бояп немесе жапсырады

32. Ұлттық тағамдардың суретін (бауырсақ, қазы, айран) бейнелеу. Бұл сабақта балалар бауырсақ, қазы, айран сияқты ұлттық тағамдардың пішінін, түсін, ерекшелігін бейнелеу арқылы таниды. Мұғалім тағам суреттерін көрсетіп, олардың қайда, қалай жасалатынын қысқаша түсіндіреді. Балалар өз бетімен қағаздан киып жапсыру, бояу арқылы немесе дайын үлгіні пайдаланып ұлттық тағамдардың бейнесін жасайды.

33. Домбыра-апликация немесе пластилиннен жасау. Мақсаты: Домбыраның құрылымы мен маңызын түсіндіру. Музыкалық аспаптарға деген қызығушылықты ояту. Қолдың ұсақ моторикасын дамыту. Материалдар: Қоңыр, сары қағаз (апликация үшін). Немесе пластилин (мүсіндеу үшін) Жіп (ішек орнына), желім, қайшы, шаблон. Өткізу барысы: Мұғалім домбыра туралы қысқаша мәлімет береді: 2 ішекті, күй тартатын аспап, ұлттық мұра. Нағыз домбыраны көрсету немесе күй тыңдату. Балалар домбыра пішінін қағаздан киып жапсырады немесе

пластилиннен жасайды. Ішектер орнына жіп жапсырады. Соңында әр бала өз туындысын сипаттап береді

**34. Түйе бейнесін мүсіндеу немесе жапсыру.** Мақсаты: Балаларды шөлге төзімді жануар – түйемен таныстыру. Жануардың дене бөліктерін дұрыс бейнелеуге үйрету. Қолмен жұмыс істеу қабілетін арттыру. Материалдар: Пластилин (қоңыр, сары). Немесе түйе силуэті, түрлі қағаз (апликацияға) Ақ парақ, желім, фломастер. Өткізу барысы: Мұғалім түйе туралы шағын ақпарат береді: өркеші бар, шөлде өмір сүреді. Суретін көрсету, түйе туралы жұмбақ айту. Балалар пластилиннен түйе мүсіндейді немесе қиып жапсырады. Қажет болса, фонын салу (шөл дала, құм, шөп т.б.) Соңында балалар жұмысты сипаттайды.

**35. Білезік, сақина, сырға — өрнектермен безендіру (қағаздан, фольгадан)** Мақсаты: Қазақ зергерлік бұйымдарының түрімен таныстыру. Өз бетінше әшекей жасауға үйрету. Эстетикалық талғам мен қол икемін дамыту. Материалдар: Фольга (немесе жылтыр қағаз), картон. Қайшы, желім, маркер. Дайын ою үлгілері (қошқар мүйіз, ирек т.б.) Өткізу барысы: Зергерлік бұйымдар (білезік, сырға, сақина) суретін көрсету. Балалар таңдау жасайды – қай әшекей жасағысы келеді? Шеңбер жасап, фольгамен қаптап, бетіне өрнек салады немесе жапсырады. Қыздар – білезік, ұлдар – сақина немесе ер балаларға арналған белдік оюы. Соңында балалар “зергерлер көрмесін” ұйымдастырады.

**36. Торсық бейнесін жасау және ұлттық сусындар туралы түсіндіру.** Мақсаты: Торсықтың не екенін және ұлттық сусындарды (қымыз, шұбат, айран) түсіндіру. Торсық формасын танып, бейнелеуге үйрету. Ұлттық мәдениетке қызығушылық қалыптастыру. Материалдар: Торсық суреті (үлгі), қағаз, бояу. Апликация үшін түрлі-түсті қағаз. Қайшы, желім. Өткізу барысы: Мұғалім торсық туралы әңгімелейді: бұл – сусын құятын тері ыдыс, көбіне қымыз үшін қолданылады. Ұлттық сусындар суретін немесе шынайы үлгісін көрсету. Балалар торсық пішінін қиып, бояйды немесе безендіреді. Жан-жағына ою-өрнек жапсыру арқылы сәнділейді. Сабақ соңында балалар “Торсықтан не ішеміз?” ойынын ойнап, сусындарды атайды.

## ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР

### I. Негізгі әдебиеттер:

1. Қазақстан Республикасының мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты – Астана, 2020 ж.
2. Балапан бағдарламасы (ересек топқа арналған) – ҚР БҒМ ұсынған.
3. «Шебер қолдар» бағдарламасы (мектепке дейінгі ұйымдарға арналған әдістемелік құрал) – авторлары: Жұмабаева А., Бейсенбаева Ә., т.б.
4. Технология. Қол еңбегі – мектепалды даярлық сыныбына арналған, әдістемелік құрал. Алматы: Атамұра.
5. Мектепке дейінгі ұйымдарда бейнелеу өнері және көркем еңбек бойынша оқу-әдістемелік құрал – авторлары: А.Қ. Бөлеев, Г.Ж. Сүлейменова.

### II. Қосымша әдебиеттер:

1. Смагулова Р.С. «Мектепке дейінгі балалармен көркем еңбек» – әдістемелік нұсқаулық.
2. «Балаларға арналған қолөнер және шығармашылық жұмыстар жинағы» – түрлі материалдармен жұмыс (қағаз, мата, жіп, табиғи материалдар).
3. «Шебер қолдар» журналдары» – шығармашылық идеяларға арналған.
4. В.А. Степанова. «Апликация, лепка и конструирование в детском саду» – орыс тіліндегі қосымша көмекші құрал.
5. Н.Н. Поддьяков. «Развитие продуктивной деятельности детей» – танымдық және шығармашылық іс-әрекетті дамыту.
6. «Балалар психологиясы және дамуы жөніндегі ғылыми-танымдық еңбектер» – моторика, қиял және шығармашылық ойлауды дамытуға байланысты.